

Жамитова Асия Абдигазевна

аға оқытушы, магистр

Ы. Алтынсарин атындағы педагогикалық институты

ПЕЙЗАЖДЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Жалпы білім беретін орта мектептерде барлық оқу пәндерін оқыту, жеке пәндердің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып еліміздің болашақ азаматтарын дайындау мен тәрбиелеу мақсатын қояды. Сондықтан бейнелеу өнері сабақтары жас ұрпақтарды іс – әрекеті және технологиясын түсінуге бағытталуы тиіс. Қазіргі кезде пейзаж жанрын бейнелеу өте жақсы дамыған. Табиғат көрінісін бейнелеудегі негізгі мақсат - кеңістіктегі сұлу табиғатты көзбен көріп, көңілмен қабылдаған көріністерін суретке салу. Мен өз курстық жұмысымды зерттей отырып, орыстың атақты суретшісі И. Шишкиннің сурет салу техникасына сәйкес етіп, өз жұмысымды жаздым.

Менің дипломдық жұмысымның тақырыбы «Күн мезгілі» пейзаж жанрына арналғандықтан мен табиғаттың сұлу көрінісін және туған жердің, туған қаланың әдемі сұлу көрінісін, сылдырлаған суын, жайқалған желектерін бейнелеп, оны әрі қарай дамытуды ұйғардым.

Табиғат көрінісін бейнелей отырып, өзімнің дипломдық жұмысымның дайындалу барысына қысқаша тоқталып өтейін. Қысқы және жазғы көріністі бейнелеуде ең алдымен, кенепке рамка дайындап, кенепті рамкаға тарттырып, бекітіп, грунттауға кірістім. Грунтты дайындау барысында ең бірінші столляр желімін жағып, содан соң, грунтты жағып кептірдім. Грунттың құрамына желім, бал, бор, жұмыртқа т.б. заттарды араластырдым.

Жалпы таңның атуы, күннің батуы, күннің шығуы, күдізгі көрініс бейнесін бейнелеу 4 планнан тұрады. Бұл көріністерде ағаштар, су және бұлттар, күн шуағы анық көрсетілген. Жазғы көріністі бейнелеуде жылы түстерді көбірек қолдандым.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі мекемелерде оқыту барысындағы мәселелердің бірі-оқушылардың эстетикалық талғамын дамыту, сол арқылы олардың бойында адамгершілік, мейірбандық, имандылық қасиеттерін қалыптастыру. Әр баланың көркемдік ойлау қабілітін дамыта отырып, шығармашылық, қиал сезімін дамыту. Ал, осы мәселелер мектеп қабырғасында әлі де болса өз мәнінде шешілмей келеді. Соның салдарынан оқушылардың сабаққа ынтасының төмендеуі, енжарлық етек алуда. Бейнелеу өнерін орта мектепте оқыту ең бірінші жалпы білім, берушілік мақсаты көздейді. Негізгі міндет адамның ой өрісін кеңейту қоғамның жан-жақты білімді мүшесін тәрбиелеу болып табылады.

Жалпы білім беретін мектептегі әрбір пән жеке-жеке және бірлесе отырып оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал етуге тиіс. Бейнелеу өнері адамның дамуына өте бай мүмкіндік туғызады. Бұл істе әсіресе сурет салудың орны ерекше. Сурет салу заттардың формасын талдауға және оны ұқыпты бақылауға үйретеді, дүниені тануға жәрдемдеседі, ойлауға және эстетикалық дамуға көмектеседі. Сурет өнері көру есін кеңістікті ойлауды

дамытып, образды елестету қабілетін арттырады. Ол нақты есептеуге табиғат әсемдігін тануға үйретеді ойлау мен сезу икемділігін арттырады.

Бейнелеу өнерінің сабақтары өздерінің оқу-тәрбие жұмыстары бойынша да түрлеріне байланысты да әр түрлі болып келеді. Мектеп бағдарламасында оқу сабақтарының төрт түрі қарастырылады. Олар: нұсқаға қарап сурет салу, сәндік сурет салу т.б. Нұсқадан қарап сурет салу сурет және кескіндеме жұмыстарымен айналысуды көздейді сәндік сурет салу ою-өрнектерді көркем конструкциялау ою-өрнек элементтерін құрасыру жұмыстарын қарастырылады. Мектепте бейнелеу өнеріноқыту теориясы философиямен эстетикаға, педагогика мен психологияға және бейнелеу өнерінің теориясы мен практикасына сүйенеді. Бұл жалпы білім беру мен тәрбиенің мақсаттары мен міндеттерінің орындалуын әдістемесінің ғылыми негізделуін қамтамасыз етеді.

Мектеп мұғалімдері бастауыш сыныптарда эстетикалық тәрбиені кітап оқу, ән тыңдау, бейнелеу өнері мен театр, кино т.б. өнер түрлері арқылы көркем өнерге тарту, тағы басқа да жолдармен жүргізуге болатынын біліп қана қоймай, оны қалай жүзеге асыру тәсілдерін жан-жақты меңгеріп, жетілдіруі тиіс. Мұғалім эстетикалық тәрбиені балаларға өнер түрлерін меңгерту арқылы жүзеге асырады.

Оқушы өзін қоршаған ортадан әсемдікті сезінуі, оны бағалай білуге талпынуы бүкіл жан дүниесіне, сезіміне әсер етеді. Дегенмен, баланың көркем өнерге деген қабілетінің дамуы, оның шығармашылықпен ұштасуы, бала кезінен тәрбиенің сол түрлерімен айналыстыруға және жеке-дара ерекшеліктерін ескеріп, тәрбиені белгілі мақсатқа бағыттап жүргізуге байланысты.

Оқушылардың көркем білімге талпынуын арттырып, қиялын шарықтатып, бойын сергітіп, әдемілік әлеміне ынтасын арттыруда бастауыш мектепте оқытылатын бейнелеу өнері пәні зор роль атқарады. Ол дүниені түсініп, көрген-білгендерін, алған ұғымын көркем образ арқылы бейнелеуге үйретеді. Төменгі сынып оқушыларына эстетикалық тәрбие берудің табысты болуы мұғалімдердің көркем талғам мен білімді игерту әдіс-тәсілдеріне байланысты. Қазіргі кезеңде бастауыш мектепте мұғалімдер эстетикалық тәрбиені халқымыздың озық, дәстүрлерін ескере отырып жүргізгендері жөн. Өскелең ұрпаққа эстетикалық тәрбие беруде бастауыш мектептегі бейнелеу өнері сабағының алатын орны зор екендігі белгілі. Себебі бастауыш мектеп кезеңінде баланың эстетикалық мәдениетінің негіздері қолданылады. Балаларды әсемдікті сезініп, түсініп, қадірлей білуге баулу бейнелеу өнері сабағында эстетикалық тәрбие беру арқылы іске асырылады. Ол үшін біздің зерттеу жұмысымызда төмендегідей міндеттенр қарастырылады:

- бейнелеу өнер пәні арқылы оқушыларды әдемілікке әсемдікке деген сезімдерін жетілдіріп, жаңа сапалық деңгейге көтеру, эстетикалық мәдениетке тәрбиелеу;
- бейнелеу өнері пәні арқылы эстетикалық тәрбие берудің тиімді жолдарын анықтау;

- бастауыш мектеп кезеңінде эстетикалық тәрбиені ұйымдастыру деңгейін анықтау;
- оқушылардың көркем өнерге деген қызығушылығының шығармашылықпен ұштасуына көмектесу;
- бейнелеу өнері пәні бойынша бастауыш мектеп оқытушылары эстетикалық тәрбиелеу жолдарын анықтау;

Бастауыш мектепте бейнелеу өнері сабағында эстетикалық тәрбие беруде оқушылармен бірлесе отырып, олардың өнердегі әсемдік пен әдемілікті түсіну, байқай білу қабілетін дамыту үшін көптеген ұжымдық жұмыстар жүргізілсе, сабақ барысында ойындар мен көрнекіліктер («Түстерді ажырат», «Кім алғыр», «Үйлестіре біл», т.б.ойындар) тиімді қолданылса, оқушылардың табиғат сұлулығын, көркем өнер шығармаларын эстетикалық мәнде қабылдаулары күшейіп, сабақ сапалық жаңа деңгейге көтеріледі. Сапалы сабақтарды жүргізу нәтижесінде бастауыш мектеп оқушыларының эстетикалық танымы, білімі, талғамы артып қана қоймай, олардың әрбір жұмысы шығармашылықпен ұштасып отырады.

Эстетикалық тәрбие біздің байқауымызда дүние жүзілік және ұлттық мәдениет салалары негізінде көркемділікке, әсемділікке, сезімталдыққа баулу жүйелерін қамтиды. Әрине бұл өте ауқымды процесс. Ол жан-жақты зерттеуді, оны жүйелі түрде меңгеруді талап етеді. Сондықтан біз өз тәжірибемізде бейнелеу өнері сабақтарында эстетикалық тәрбие беру мәселелерін қарастырып отырмыз.

Эстетикалық тәрбие мәселелері көптеген ғалымдар еңбектерінде жан-жақты қамтылған. Оның жасөспірімдерді тәрбиелеудегі маңызы, эстетикалық тәрбие беру мәселелері В.В.Алексеева, А.В.Бакушинский, Г.В.Лабунская, Н.П.Сакулина, Б.П.Юсов, еңбектерінде қарастырылған халқымыздың ұлттық мәдени мұралары, қол өнері, сәндік өнертүрлерінің маңызы туралы Республика ғалымдары Б.Қазыханов, А.Қасымова, Ә.Тәжімұратов ғылыми еңбектерінде нақты көрсетілген.

Эстетикалық имандылық, адамгершілік тәрбиесін қалыптастыруда ұлттық тәлім-тәрбие дәстүрлерін пайдалану Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Ж.Наурызбаев, С.Қасиманов еңбектерінде көрсетілген. Кейінгі кездері бейнелеу өнері пәні құралдары арқылы эстетикалық тәрбиеге тәрбиелеу С.Аманжолов, Ш.Әлібеков, Б.Әлмұханбетов, Б.Байжігітов, Ж.Балкенов М.Жанаев еңбектерінде орын алып жүр. Көптеген еңбектерде эстетикалық тәрбиенің мәні мен мазмұны қамтылып, оның тәрбиелеу жолдары әдіс-тәсілдері нақты көрсетілмейді. Сондықтан біз эстетикалық тәрбие беру мәселелерін жан-жақты қарастыруымыз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Әлемдік өнертану. Үш томдық 2: Бейнелеу өнері. Алматы: Өлке, 2008 ж.
2. Айдарова З., Дирксен Л., Бейнелеу өнері «Фолиант» баспасы, 2010 ж 57
3. Түрікпенова С.Ж Мамандыққа кіріспе Арқалық, 2016 87 бет

- 4.Түрікпенова С.Ж Оқу-әдістемелік кешен Арқалық, 2006 261 бет.
5. Құдайбергенова К.С. Инновациялық тәжірибе орталығы-педагогикалық технология көзі. Алматы // 2001. -75б.